

"Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 497 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 қыркүйекте № 15742 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11722 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі*

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов _____

2017 жылғы 23 тамыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2017 жылғы 25 шілдедегі
№ 497 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
24 ақпандағы 197 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына, сондай-ақ 48-бабына және азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың авиациялық стандарттарына сәйкес әзірленген (бұдан әрі – ИКАО).

2. Осы Қағидалар азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау, сертификат беру тәртібін, сондай-ақ авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану тәртібін айқындайды.

3. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты (бұдан әрі – сертификат) иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа адамға берілмейді.

Заңды тұлғаларға қолданыстағы сертификаттың болуынсыз азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізуге рұқсат етілмейді.

4. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты (бұдан әрі – сертификат) қолданылу аясы мен жарамдылық мерзімі көрсетіліп, екі жыл мерзімге беріледі. Қолданылу мерзімі өткен соң сертификат жарамсыз деп есептеледі.

5. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттауды (бұдан әрі – сертификаттау) және сертификат беруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Осы қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық техника – авиациялық техникалық құралдардың жиынтығы (әуе кемелері, олардың борт жабдықтары және агрегаттары, қозғалтқыштары, құтқарудың авиациялық құралдары, тренажерлер жиынтығы (ұшу симуляторлары), әуе қозғалысын басқарудың жинақтаушы бұйымдары, техникалық құралдары, қондыру мен байланыс навигациялары, сондай-ақ ұшуды орындауға арналған жалпы және арнайы қолдануды жерүсті қамтамасыз ету құралдары, әуе қозғалысын және жерүсті ұшуларды басқаруды ұйымдастыру;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша сертификаты (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж бойынша сертификаты) – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласындағы және азаматтық және эксперименттік авиация қызметінде басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері жөніндегі нұсқау –авиациялық

техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның басшысы бекіткен және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның құрылымы және орындалатын жұмыстардың аясы, өндірістік база, техникалық қызмет көрсету рәсімдері мен сапаны қамтамасыз ету жүйелеріндегі оның басшылығының міндеттері туралы толық ақпарат қамтылған құжат;

5) авиациялық техниканы жөндеу – авиациялық техниканың жарамдылығы мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

6) мемлекеттік авиация инспекторы – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы сертификаттауды, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғасы;

7) сапа жүйесі – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасына әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттамалық әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы;

8) техникалық қызмет көрсету – бақылау қалпына келтіру жұмыстарын, жекелеп, сонымен қатар бірге орындалатын тексеруді, ауыстыруды, ақауларды жоюды қоса алғанда, әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ түрлендіруді іс жүзінде жүзеге асыру;

9) ұшу жарамдылығы – әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін оның техникалық жай-күйі;

10) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі – қажетті ұйымдастырушылық құрылымды, жауапкершілік сатылығын, басшылық ететін қағидаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі көзқарас (ИКАО Чикаго конвенциясына 6-қосымшаның 1-тарауы).

7. Сертификаттау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

2-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша сертификаттауды жүргізу және сертификатын беру тәртібі

8. Өтініш беруші сертификаттаудан өту үшін азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу сертификатын алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға:

1) жоспарлы сертификаттау кезінде (бастапқы немесе бұрын берілген сертификаттың қолданылу мерзімі өткен соң);

2) ұйымның қызмет аясын кеңейту қажет болған кезде Өтініш (бұдан әрі – Өтініш) береді.

Өтінішке құжаттардың, осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымының сертификатын алуға арналған өтінімге қоса берілген құжаттар Тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

9. Сертификаттау мерзімі өтініш уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап жиырма екі жұмыс күнінен аспайды. Мемлекеттік авиация инспекторларымен қосымша зерделеуді немесе тексеруді жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі жиырма екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады.

10. Уәкілетті орган өтініш пен Тізбенің осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес бес жұмыс күні мерзімінде тексереді, оның қорытынды бойынша:

сәйкес болған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу (АТ ТҚ және Ж) жөніндегі ұйымының сертификатын алуға өтініш бойынша Шешімін (бұдан әрі – Шешім) жібереді;

сәйкес болмаған жағдайда өтініш берушіге пысықтау үшін себебін көрсете отырып құжаттарды қайтарады.

11. Сертификаттық зерттеп-қарауды мемлекеттік авиация инспекторлары жүзеге асырады, олардың міндеттеріне әуе кемелерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын ұстау мәселелері кіреді.

Сертификаттық зерттеп-қарау он бес жұмыс күнінен аспайды.

12. Сертификаттық зерттеп-қарау осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша ұйым қызметінің мәлімделген салаларына және ұйымның сипаттамаларына қарай жүргізіледі.

Сертификаттық зерттеп-қарау мемлекеттік авиация инспекторлары үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен жөніндегі ұйымды сертификаттық зерттеп-қарау бағдарламасы пайдаланыла отырып осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

13. Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде ұйымдардың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12045 болып тіркелген) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымдарына қойылатын сертификаттық талаптарға (бұдан әрі – сертификаттық талаптар) сәйкестігін растауға мүмкіндік беретін тексеру рәсімдері іске асырылады.

14. Сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік авиация инспекторлары осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада өтініш

беруші объектілерінің нақты жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар және сертификатты беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетілген сертификаттық зерттеп-қарау актісін жасайды, оған соңында мемлекеттік авиация инспекторлары қол қояды және өтініш берушіге танысу үшін ұсынылады.

Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сәйкессіздіктер үш санатқа бөлінеді:

1) 1-санат – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде оны жоюға жататын сертификаттық талаптарға сәйкессіздігі;

2) 2-санат – уәкілетті органмен келісілген немесе шектеулерді енгізген мерзімде оны жойған жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттық талаптарға сәйкессіздігі;

3) 3-санат – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттық талаптарға сәйкессіздігі.

15. 3-санаттағы сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне қарай, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өтініш берушінің қабілетсіздігімен сипатталады.

3-санаттағы сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті орган сертификат беруден бас тартады не өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың қолданысын шектейді.

16. 2-санаттағы сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті орган:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзім белгілейді. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелерімен танысқан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынады;

2) өтініш беруші ұсынған анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын бекітеді не оны негіздемесімен қоса пысықтауға қайтарады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді өтініш беруші өзгерту қажеттілігі туралы негіздемені ұсынған жағдайда, уәкілетті орган оны ұзартады.

17. Уәкілетті орган өтініш берушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындауын тексеру жүргізу жолымен бақылайды.

Егер өтініш беруші түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаса немесе уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамаса, 2-санаттағы сертификаттау талаптарына сәйкессіздік 3-санаттағы сертификаттау талаптарына

сәйкессіздікке айналады және уәкілетті орган сертификатты беруден бас тартады немесе бұрын берілген сертификатты кері қайтарып алады.

1-санаттағы сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

18. Уәкілетті орган сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сәйкессіздіктер санатына байланысты сертификат береді, олар сертификаттық зерттеп-қарау актісінің қорытындысында көрсетіледі.

Сертификаттық зерттеп-қарау актісінде тиісті қорытынды сертификатты берудің немесе беруден бас тартудың негізі болып табылады.

19. Сертификатты беру немесе беруден бас тартуды уәкілетті орган сертификаттық зерттеп-қарау актісін ресімдеген күннен бастап екі жұмыс күні мерзімінде жүргізеді.

Сертификатты беруден бас тарту кезінде өтініш берушіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде бас тартудың себебін көрсете отырып дәлелді жазбаша жауапты жібереді.

Өтініш беруші келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сертификатты беруде бас тартуға шағымдануы мүмкін.

20. Сертификатты беруден бас тарту мынадай жағдайларда, егер:

1) осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген анықталған сәйкессіздік;

2) өтініш берушіге қатысты оған осы қызмет түрін көрсетуге тыйым салатын соттың шешімі бар болған;

3) сертификатты және (немесе) онда қамтылған деректерді (мәліметтерді) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың анық еместігін белгіленген;

4) осы Қағидаларда белгіленген талаптарға өтініш беруші және (немесе) сертификат беруге қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер сәйкес келмеген;

5) өтініш берушіге қатысты қызметке немесе сертификат алуды талап ететін қызметтің жекеленген түрлеріне тыйым салу туралы соттың шешімі (үкімі) заңды күшіне енген жағдайда жүргізіледі.

21. Егер сертификаттың телнұсқасы бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда ол екі жұмыс күні мерзімінде беріледі. Телнұсқаны алу үшін ұйым уәкілетті органға еркін нысанда өтініш береді.

3-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сертификатының қолданылуын тоқтату және кері қайтару

22. Уәкілетті орган мынадай жағдайларда:

1) ұйымның сертификаттық талаптар мен шектеулерді сақтамауы;

2) ұйымның "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 551 бұйрығын (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11573 болып тіркелген) сақтамауы;

3) Заңның 16-3-бабының ережелеріне сәйкес немесе инспекциялық тексеру кезінде белгіленген ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін бірінші деңгейдегі бұзушылықтар анықталған;

4) ұйымның жазбаша өтініші болған жағдайда сертификаттың қолдануын тоқтатады

23. Сертификаттың қолданысын тоқтатқан немесе қайтарып алған жағдайда уәкілетті орган үш жұмыс күні мерзімінде қабылданған шешім туралы ұйымға хабарлайды.

24. Егер ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарымен белгіленген мерзімдер сертификаттың қолданылуын тоқтатуға әкелетін сәйкессіздіктерді және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайда уәкілетті орган оны қайтарып алады. Ұйым сертификатты кері қайтару кезінде хабарламаны алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға оның түпнұсқасын қайтарады.

25. Сертификаттың қолданысы тоқтатылған жағдайда оны жаңарту ұйым құжаттаманы растайтын қосымшамен бірге, жоспармен белгіленген мерзімде түзету іс-қимылдарының жоспарын орындағаннан кейін жүзеге асырады.

Ұйымның түзету іс-қимылдары туралы жоспарын орындауын уәкілетті орган тексеру арқылы белгілейді.

26. Уәкілетті орган тексеруді аяқтаған сәтінен бастап ұйымды үш жұмыс күні ішінде сертификаттың қолданысын жаңарту немесе жаңартудан бас тарту бойынша шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

4-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі

27. Сертификатқа өзгерістер енгізу үшін ұйым уәкілетті органға бұрын берілген сертификаттың қосымшасымен еркін нысанда өтінішті уәкілетті органға береді.

Бұрын берілген сертификат оны жою тәсілін көрсете отырып еркін нысанда жою актісіне сәйкес жойылуға жатады.

28. Сертификатқа өзгеріс пен (немесе) толықтыру мынадай:

ұйымның атауы, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны немесе заңды және нақты мекенжайы өзгерген;

сертификаттың қолданылу аясы кеңейген жағдайларда енгізіледі.

29. Сертификатқа өзгерістер енгізу мерзімі:

ұйымның атауы, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны немесе заңды және нақты мекенжайы өзгерген жағдайларда – бес жұмыс күн ішінде;

сертификаттың қолданылу аясын кеңейту жағдайларында – жиырма екі жұмыс күні ішінде.

30. Сертификаттың қолданылу аясын кеңейту кезінде ұйым уәкілетті органға Тізбеге сәйкес құжаттармен өтініш жібереді.

5-тарау. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану

31. Шетелдік мемлекеттердің авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификатталған ұйымдар (бұдан әрі – шетелдік ұйымдар) уәкілетті органның олардың сертификаттарын танығаннан кейін техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жұмыстарына рұқсат етіледі.

Тіркеуі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде жүзеге асырылған, Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеуді жүзеге асыруға ниетті шетелдік ұйымдардың сертификаттары тануға жатады.

32. Шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану тәртібі сертификат берілген ИКАО талаптары мен стандарттарына және сертификаттау талаптарына сәйкес болған кезде шетелдік ұйымдарға қатысты қолданылады.

33. Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тануды (бұдан әрі – сертификатты тану) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану туралы шешім түрінде (бұдан әрі – Сертификатты тану туралы шешім) уәкілетті орган ресімдейді, онда шетелдік ұйым көрсетіледі, онда сертификат танылады және Сертификатты тану туралы шешімнің қолданылу мерзімін белгілейді.

34. Шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) қолданылу мерзімі шектеусіз шетелдік ұйымдардың сертификатын, уәкілетті орган бір жылға танылады;

2) қолданылу мерзімі уәкілетті органға өтінішті беру сәтінде кемінде бір жылға аяқталатын, шетелдік ұйымдардың сертификаты, оны қолданудың барлық мерзімі уәкілетті органмен танылады.

35. Сертификатты тану туралы шешімді алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын тануға өтініш жібереді.

Өтінімге қоса берілетін мынадай құжаттар:

1) шетелдік ұйымдар сертификатының көшірмесі;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеуді ұйымдастыру рәсімдері жөніндегі нұсқау.

36. Ұсынылған құжаттарды қарау процесінде уәкілетті орган шетелдік ұйымның сертификаты берілген шетелдік мемлекеттің авиациялық әкімшілігіне тиісті сұрау салуды қатар жібереді, сондай-ақ шетелдік ұйымды оның сертификаттық талаптарына сәйкестік мәніне тексереді.

37. Шетелдік ұйымдардың сертификатын тану Бағдарламаны пайдалана отырып шетелдік ұйымның мәлімделген қызмет саласына қатысты жүзеге асырылады.

38. Сертификатты тану және сертификатты тану туралы шешімді беру рәсімдерінің жалпы мерзімі жиырма екі жұмыс күнін құрайды.

Қажетті ақпаратты зерделеу, тексеру немесе алу үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда өтінімді қарау мерзімі жиырма екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы тануға өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәтінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарлайды.

39. Сертификатты тану туралы шешім ұсынылған құжаттардың негізінде беріледі. Уәкілетті орган тануға өтінішті алған сәттен бастап жиырма екі жұмыс күні мерзімінде Сертификатты тану туралы шешімді беру немесе дәлелді бас тартуды жүзеге асырады.

40. Уәкілетті орган мынадай:

1) сертификатты және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) тану туралы шешімді алу үшін өтініш берушінің ұсынған құжаттардың анық еместігін белгіленген;

2) өтініші берушінің және (немесе) Сертификатты тану туралы шешімді беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалармен немесе сертификаттық талаптармен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі жағдайларында өтініш берушіге Сертификатты тану туралы шешімді беруден бас тартады.

41. Сертификатты тану туралы шешім бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда көрсетілген құжаттың қолданысы тоқтатылады. Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға еркін нысанда өтініш жібереді.

42. Уәкілетті орган өтінішті алған сәттен бастап бес жұмыс күні мерзімінде Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын өтініш берушіге береді, онда оң жақ жоғары бұрышында "Телнұсқа" деген белгісі қойылады.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және



Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы, мекенжайы, телефоны, e-mail, Интернет мекенжайы

Наименование уполномоченного органа в сфере гражданской авиации Республики Казахстан, адрес, телефон, e-mail, Интернет адрес

Name of Civil Aviation Authority Republic of Kazakhstan Address, telephone, e-mail, the Internet address

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты

Сертификат организации по техническому обслуживанию и ремонту авиационной техники

Certificate of Aircraft Maintenance Organization

№ _____

20__ жылғы " __ " _____ берілді. Выдан " __ " _____ 20__ г. Date of issue " __ " __ 20__	Қолданылу мерзімі 20__ жылғы " __ " _____ дейін Срок действия до " __ " __ 20__ г. Valid till " __ " __ 20__
Ұйымның атауы: Наименование организации: Name of Organization:	
Занды мекенжайы: Юридический адрес: Legal address:	
Өндірістік қызмет орны: Место производственной деятельности: Place of production:	

Осы Сертификат авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым сертификаттау талаптарына және техникалық қызмет көрсететін ұйымның

қызметі жөніндегі нұсқауына сәйкес келетінін куәландырады.

Сертификатты Сертификаттық зерттеп-қарау актісінің негізінде 20__ жылғы " __ " _____

№ _____

_____ берді.

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге асырады.

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)

Настоящий сертификат удостоверяет, что организация по техническому обслуживанию

и ремонту авиационной техники соответствует сертификационным требованиям и соблюдает

процедуры Руководства по процедурам организации технического обслуживания и ремонту

авиационной техники.

Сертификат выдан на основании акта сертификационного обследования

_____ от " __ " _____ 20__ г. № ____

(наименование уполномоченного органа в сфере гражданской авиации)

Инспекционный контроль осуществляет _____

—

(наименование уполномоченного органа в сфере гражданской авиации)

This certificate certifies that the organization for maintenance and repair of aircraft meets the

certification requirements and follows the procedures Manual for the procedures for the organization

of maintenance and repair of the aeronautical equipment.

The certificate was issued on the basis of the certificate of certification

examination _____ Date of issue " __ " _____ 20__

(name of the authorized body in the field of civil aviation)

Inspection control exercises _____

—

(name of the authorized body in the field of civil aviation)

М.О. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы

М.П. Должностное лицо уполномоченного органа либо лица, им уполномоченного

Stamp Official person of the authorized organization or authorized person by him

Авиациялық техникаға
техникалық қызмет
көрсету және оны жөндеу
жөніндегі ұйымның
сертификатына қосымша
№ _____

Сертификаттың қолданылу аясы

	Рұқсат			
--	--------	--	--	--

Класс	Санаты	Авиациялық техниканың үлгісі немесе жұмыс түрі	Шектеулер	Кезеңдік техникалық жұмыстар	Жеделтехникалық жұмыстары
Әуе кемелері					
Авиациялық қозғалтқыштар					
Авиациялық марштық қозғалтқышты және жиынтықта қосалқы күш қондырғысынан басқа құрастырылған компоненттер				Американың Әуе көлігі қауымдастығының коды	
Арнайы жұмыс түрлері					

Сертификаттың қолданылу аясы бекітілген Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауға сәйкес техникалық қызмет көрсету бойынша орындалатын жұмыстардың көлемдеріне шектеулі.

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқау
Сілтеме нөмірі
Өзгеріс енгізу күні мен нөмірі

М.О.

Азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органның лауазымды тұлғасы
не ол уәкілеттік берген тұлға

қолы, Т.А.Ә

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндейтін (АТ ТҚ және Ж) ұйымның сертификатын алуға/тануға арналған өтінім

1. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атауы _____

2. Ұйымның тіркелген орны және тіркеу нөмірі (шифры)

3. Өндірістік базаның орналасқан жері: _____

4. Пошталық мекенжайы _____

5. Телефон _____

6. Телеграф _____

7. Факс _____

8. Есеп шоты _____

9. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

10. Электрондық мекенжайы _____

11. Өтінім беру себебі (керегінің астын сызу): АТ ТҚ және Ж жөніндегі жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған бастапқы өтінім;

АТ ТҚ және Ж жөніндегі бойынша жұмыстар түрлерінің (кешендерінің) тізбесін толықтыру;

авиациялық техника үлгілерінің тізбесін толықтыру;

кезекті мерзімге арналған сертификаттау;

АТ ТҚ және Ж жөніндегі жөніндегі ұйымның сертификатын кері қайтарып алғаннан/күшін жойғаннан кейінгі сертификаттау;

АТ ТҚ және Ж жөніндегі жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту;

басқа да себептер (көрсету).

12. Өтінімнің мазмұны

Мен, төменде қол қойған, _____

(ұйым басшысының Т.А.Ә.)

_____ (күні) _____ бекітілген

(тіркелген)

Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін техникалық қызмет көрсету және жөндеу

жөніндегі ұйымды мынадай авиациялық техникада төменде көрсетілген қызмет түрін орындау

құқығына сертификаттау жүргізуді сұраймын:

Класс	Рұқсат		Шектеулер	Кезеңдік техникалық жұмыстар	Жедел техникалық жұмыстары
	Санаты	Авиациялық техниканың үлгісі немесе жұмыс түрі			
Әуе кемелері					
Авиациялық қозғалтқыштар					

Авиациялық марштық қозғалтқышты және жиынтықта қосалқы күш қондырғысынан басқа құрастырылған компоненттер	Американың Әуе көлігі қауымдастығының коды
Арнайы жұмыс түрлері	

13. Өтінім беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнамасының талаптарын мойындайды және орындауға міндеттенеді.

14. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты басшылық құрамы:

Лауазымы

Т.А.Ә. Қолы

АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысы

Сапаны бақылау (кепілдік) жөніндегі бөлімшенің басшысы

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым жарғысының көшірмесі.

2. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның қаржы-экономикалық жағдайы туралы анықтама.

3. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның (осы құжаттардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес) рәсімдері жөніндегі нұсқауы.

4. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның штат кестесі.

5. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның (осы құжаттардың тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес) басшы құрамы туралы мәліметтер және білім туралы тиісті құжаттардың көшірмелері.

6. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқау

1. Кіріспе

- 1) мазмұны;
- 2) мәні және саласы;
- 3) қолданыстағы парақ тізбесі;
- 4) ревизия/толықтырулар тізбесі;
- 5) тарату парағы;
- 6) пайдаланылатын қысқартулар.

2. Басқарма

- 1) жауапты басшының өтініші;
- 2) қауіпсіздік және сапа саясаты;
- 3) басқару персоналы;
- 4) басқару персоналының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері;
- 5) ұйымды басқару құрылымы;
- 6) рұқсат ететін персонал тізілімі;
- 7) ұйымның еңбек ресурстары;
- 8) сертификатта көрсетілген ұйымдар мекенжайларының әрқайсысында орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаты;
- 9) техникалық қызмет көрсету бойынша (әуе кемелеріне және құрауыштарына) орындалатын жұмыс көлемі;
- 10) ұйымдағы өзгерістер туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органды хабардар ету рәсімі;
- 11) Нұсқауға өзгерістер енгізу рәсімдері.

3. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі рәсімдер

- 1) өнім берушілерді бағалау және қосалқы мердігерді қадағалау рәсімдері;
- 2) сыртқы өнім берушілерден әкелінетін әуе кемесі құрауыштары мен материалдарын қабылдау және тексеру;
- 3) авиациялық Техникаға техникалық қызмет көрсетуге арналған құрауыштар мен материалдарды сақтау, сәйкестендіру және беру;
- 4) құралдар мен жабдықтарды қабылдау, аспаптарды таңбалау;
- 5) құралдар мен жабдықтарды калибрлеу;

- 6) персоналдың баламалы құралдары мен жабдықтарын қоса алғанда, құралдар мен жабдықтарды пайдалануы;
- 7) техникалық қызмет көрсету объектілерінде тазалық сақтау нормалары;
- 8) техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтар және олардың әуе кемесі/әуе кемесі құрауыштарын шығарушылардың нұсқаулықтарына сәйкестігі, жаңартылуын және техникалық персонал үшін олардың болуын қоса алғанда;
- 9) жөндеу бойынша рәсімдер;
- 10) пайдаланушының әуе кемесін техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаға сәйкес келуі;
- 11) ұшуға жарамдылық директиваларын орындау рәсімдері;
- 12) міндетті емес түрлендіруді орындау рәсімі;
- 13) техникалық қызмет көрсету бойынша пайдаланылатын құжаттар және оларды толтыру;
- 14) техникалық қызмет көрсету жазбаларын бақылау (деректерді есепке алу);
- 15) базалық техникалық қызмет көрсетуді жүргізу барысында анықталған ақауларды жою;
- 16) техникалық қызмет көрсетуден кейін пайдалануға қайта енгізу рәсімі;
- 17) пайдаланушының құжаттамасындағы жазбалар;
- 18) азаматтық авиация, пайдаланушыға, үлгі сертификатын ұстаушы саласындағы құзыретті органға ақаулар жөнінде хабарлау;
- 19) әуе кемесінің жарамсыз құрауыштарын қоймаға қайтару;
- 20) сыртқы өнім берушілердің ақаулы құрауыштары бойынша іс-қимыл;
- 21) электрондық түрде сақталатын есептік деректерді бақылау;
- 22) техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарланған жұмысқа қарасты адам-сағатты жоспарлауды бақылау;
- 23) техникалық қызмет көрсетудегі қиын жұмыстарды бақылау;
- 24) техникалық қызмет көрсету жөніндегі ерекше жұмыстарды жүргізу жөніндегі рәсім бойынша мынадай ақпарат:
 - қозғалтқыштарды сынау рәсімдері;
 - әуе кемесінің герметикасын тексеру рәсімдері;
 - әуе кемесін сүйрету рәсімдері;
 - әуе кемесін жүргізу бойынша рәсімдер;
 - құрауыштар мен материалдарды жою;
- 25) техникалық қызмет көрсету барысында жіберілген қателерді табу және түзету рәсімдері;
- 26) ауысым арасындағы жұмыстарды тапсыру рәсімдері;
- 27) үлгі сертификатын ұстаушыға техникалық қызмет көрсету барысындағы нақты емес және екіұшты деректер жөнінде ақпарат беру рәсімдері;
- 28) өндірісті жоспарлау рәсімдері.

4. Жедел техникалық қызмет көрсету бойынша қосымша рәсімдер

- 1) жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі құрал-саймандарды, әуе кемесінің құрауыштарын, құрал-жабдықтарын бақылау;
- 2) жерүсті қызмет көрсетуге, отын құюға, мұздануға қарсы арнайы сұйықтықтардың шөгінділерден тазартылуын тексеруді қоса алғанда, мұздануға қарсы жұмыстарға байланысты жедел техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі рәсімдер;
- 3) жедел техникалық қызмет көрсету кезінде кемшіліктерді және қайталанатын ақауларды бақылау;
- 4) жедел техникалық қызмет көрсету кезінде борттық журналды толтыру рәсімі;
- 5) жедел техникалық қызмет көрсету кезінде келісілген және қарызға алынған қосалқы бөлшектерді жеткізу рәсімі;
- 6) жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі әуе кемесінен алынған ақаулы қосалқы бөлшектерді қайтару рәсімі;
- 7) жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі қиын тапсырмаларды бақылау рәсімі.

5. Сапа жүйесінің рәсімдері

- 1) техникалық қызмет көрсету аудитін ұйымдастыру рәсімдері;
- 2) әуе кемесінің және құрауыштарының аудиті;
- 3) аудит нәтижесінде анықталған кемшіліктерді (ақауларды) жою рәсімі;
- 4) техникалық қызмет көрсету жөніндегі біліктілігін қолдау және оқыту рәсімдері;
- 5) техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың есептік деректері;
- 6) сапа жүйесінің аудиторлары;
- 7) инспекторлардың (қосалқы тексеруді қажет ететін жұмыстарды тексеретін) біліктілігін бақылау;
- 8) техникалық қызмет көрсету және жөндеу мамандарының біліктілігін бақылау;
- 9) техникалық қызмет көрсетуде қарастырылған техникалық қызмет көрсету көлемінен ауытқу процесін басқару;
- 10) рәсімдерден ауытқу рұқсаттарын бақылау;
- 11) дәнекерлеу сияқты мамандандырылған жұмыстарға арналған біліктілік рәсімі, бұзбайтын бақылау;
- 12) дайындаушы зауыттың және басқа да сыртқы орындаушылардың техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын бақылау;
- 13) адами фактор бойынша оқыту рәсімі;
- 14) персоналдың құзыреттілігін бағалау.

6. Техникалық қызмет көрсетудің орындалуы

- 1) келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын пайдаланушылар тізбесі;
- 2) пайдаланушының рәсімі және оның құжаттарымен жұмыс;
- 3) пайдаланушының техникалық құжаттамасын толтыру.

7. Қосымша мәліметтер

- 1) құжаттардың үлгілері;
- 2) қосалқы мердігерлердің тізімі;
- 3) жедел техникалық қызмет көрсету станцияларының тізімі.

Азаматтық авиацияның
 авиациялық техникасына
 техникалық қызмет көрсету
 және оны жөндеу жөніндегі
 ұйымның сертификатын алуға
 арналған өтінімге қоса берілетін
 құжаттардың тізбесіне
 2-қосымша

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтер

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның бағаны		
Б а с қ а р у	п е р с о н а л ы н	к ө р с е т у :
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Басшы	Инженерлік-авиациялық қызметтің басшысы (АӘК пайдаланушысы үшін)	Сапаны бақылау басшысы
2. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):		
3. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның лауазымы:		
4. Азаматтық авиация саласындағы біліктілік:		
5. Азаматтық авиация саласындағы жұмыс тәжірибесі:		
6. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның атауы:		
7. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатының нөмірі:		
Қолы	Күні:	
Уәкілетті орган тұлғасына арналған баған:		
Уәкілетті органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның:		
Қолы	Күні:	
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		

Азаматтық авиацияның
 авиациялық техникасына

техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Азаматтық авиацияның техникасына техникалық қызмет көрсету және оны
жөндеу (АТ ТҚ және Ж) ұйымының сертификатын алуға арналған өтінім
бойынша шешім 20 ___ жылғы " ___ " _____ № _____**

_____ (АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атауы)

_____ сертификаттау жүргізуге
ұсынылған

_____ (АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атауы)

" ___ " _____ № _____

_____ (ұйымның атауы)

өтінімін қарап, хабарлаймыз:

1. Сіздер ұсынған құжаттар азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық
актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді) (сәйкес келмеген
жағдайда

сәйкес келмеген тармағы көрсетіледі) _____

2. Сертификаттық зерттеп-қарау _____ кезеңінде жүргізіледі.

Азаматтық авиация саласындағы

уәкілетті органның лауазымды тұлғасы

немесе ол уәкілеттік берген тұлға

МО _____

(қолы, Т.А.Ә.)

20 ___ жылғы " ___ " _____

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның қызмет аясы

Класс	Рұқсат		Шектеулер	Кезеңдік техникалық қызмет көрсету	Жедел техникалық қызмет көрсету
	Санаты	Авиациялық техниканың үлгісі немесе жұмыс түрі			
Әуе кемелері	A1	5700 кг астам ұшатын ұшақтар	Әуе кемесінің үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	A2	Массасы 5700 кг аспайтын ұшатын ұшақтар			
	A3	Тікұшақтар			
	A4	A1, A2 және A3 санаттарына қатысы жоқ әуе кемелері			
Авиациялық қозғалтқыштар	B1	Газтурбиналық қозғалтқыштар (ГТК)	Газтурбиналық қозғалтқыштардың үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	B2	Поршеньді қозғалтқыштар (ПК)	Поршеньді қозғалтқыштардың үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	B2	Қосалқы күш қондырғылары (ҚКҚ)	Қосалқы күш қондырғылары үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
Авиациялық маршруттық қозғалтқышты және жиынтықта қосалқы күш қондырғысынан басқа құрастырылған құрауыштар				Американың Әуе көлігі қауымдастығының коды	
	C1	Кабинадағы ауа қысымын баптау және реттеу жүйесі		021	
	C2	Автопилоттар		022	
	C3	Байланыс және навигация жабдығы		023, 034	
	C4	Есіктер мен люктер		052	
	C5	Электр жабдықтау жүйесі		024	
	C6	Тұрмыстық және арнайы жабдық		025, 038, 045	

	C7	Қозғалтқыш және қосалқы күш қондырғыларының жүйесі	Әуе кемесінің үлгісін және\немесе құрауышын әзірлеушілері, не нақты құрауыштары және\немесе тоғысқан сілтемелер рәсімдер және\немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері бойынша нұсқаудағы өндірістік мүмкіндіктердің тізбесімен көрсетіледі	049, 071 бастап 083 бойынша	
	C8	Әуе кемесін басқару жүйесі		027, 055, 057.40 бастап 057.70 бойынша	
	C9	Отын жүйесі - планер		028	
	C10	Тікұшақтардың т а с у ш ы бұрамалары		062, 064, 066, 067	
	C11	Тікұшақтардың трансмиссиялары		063, 065	
	C12	Гидрожүйелер		029	
	C13	Құрал жабдықтар		031	
	C14	Шассийлер		032	
	C15	Оттегі жабдығы		035	
	C16	Әуе бұрамалары		061	
	C17	Пневможүйесі		036, 037	
	C18	Мұздануға қарсы және өртке қарсы		026, 030	
	C19	Терезелер		056	
	C20	П л а н е р конструкциясы		053, 054, 057.10, 057.20, 57.30	
АРНАЙЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ	D1	Бұзбайтын бақылау		Нақты жұмыстар немесе жұмыс түрлері және қызметтер көрсетіледі.	

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттық зерттеп-қарау бағдарламасы

Ұйымның атауы: _____

Сертификаттық зерттеп-қарау күні, бұйрықтың

№: _____

Тексерушілердің Т.А.Ә(болған жағдайда),

лауазымы: _____

Р/с №	Сертификаттық зерттеп-қарау позициясының нөмірі	Сәйкестікті бағалау (+/-)	Сәйкессіздік деңгейі
1	2	3	
1. Өндірісті ұйымдастыру және басқару			
1	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның (бұдан әрі - ұйым) сертификатын алуға арналған өтінім		
2	Ұйым жарғысының көшірмесі		
3	Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық ақпараттық жүйелерден алады.		
4	Бекітілген ұйымның құрылымы және мәлімделген қызмет саласында жұмыстарды орындау үшін жеткілікті қызметті басқару жүйесінің сәйкестігі.		
5	Мәлімделген қызмет саласына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру және орындау талаптарын анықтайтын, белгіленген тәртіпте қолданыстағы және нақтыланған пайдалану құжаттамасының сәйкестігі		
6	Әуе кемесіне техникалық қызмет бойынша авиациялық көрсету бағдарламасы, ұшу жарамдылығының директивалары, уәкілетті органның нұсқаулары мен өкімдері, АТ әзірлеушінің (дайындаушының) бюллетеньдері бойынша авиациялық техникаға және оның құрауыштарының техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету.		
7	Азаматтық авиациядағы және ұйымның ішкі құжаттамасында қызметті регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен ережелерін, оларды уақытылы зерделеу және орындау мақсатында персоналға дейін уақытылы жеткізудің нұсқаулығы (оның ішінде қолданысқа енгізілгендерді және бекітілгендерді есепке ала отырып белгіленген тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар).		
8	Жұмыстар мен персоналды орындауға арналған талап етілетін жағдайларды жасау үшін жабдықтың, құрылыстардың, қажетті энергия түрлерінің, өндірістік, қойма, қызметтік және тұрмыстық үй-жайлардың болуы.		
9	Жабдықтың және құралдардың, сондай-ақ оларды жұмыс істейтін күйде ұстау жүйесінің болуы.		
10	Жұмыстарды орындауға қажетті құрауыштар, артық бөлшектер және шығын материалдар қорларының болуы.		
11	Ұйымның штатында жоспарланған жұмыстарды орындауды қамтамасыз ететін санда қажетті білікті персоналдың болуы.		
12	Персоналдың біліктілігін ұстау (арттыру), оны даярлау және қайта даярлау жүйесі.		
13	АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстарды орындау, модификациялау, толық көлемде орындалған жұмыстарды растайтын авиациялық техникадағы өзге де жұмыстар туралы деректерді тіркеу мен сақтауды қамтамасыз ету.		
14	Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу бойынша барлық жұмыстардың кепілді тиісті орындалу сапасын қамтамасыз ету жүйесі.		
15	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқау.		

16	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі.		
Өндірістік және кеңсе үй-жайлары			
1	Қолайсыз ауа райы жағдайларынан сақтауды қамтамасыз ететін барлық жоспарланған жұмыстарды орындау үшін өндірістік қуаттылықтардың, зертханалардың, учаскелердің болуы. Техникалық қызмет көрсетуді орындау кезінде қоршаған ортаны ластанудан және әсер етуден қорғауды қамтамасыз ететін өзара бөлінген қажетті цехтар мен ангарлардың болуы.		
2	Барлық жоспарланған жұмыстарды басқаруды қамтамасыз ету, орындау үшін сондай-ақ авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеудің белгіленген стандарттарына сәйкес өзінің міндеттерін сәтті орындай алатын рұқсат етілетін персоналды орналастыру үшін жұмыс үй-жайларының (кеңсе) болуы.		
3	Жабдыкпен жұмыс істеу және кеңсе үй-жайлары, онда орындалатын жұмыстар үшін ангарлар мен цехтарды (зертханаларды, учаскелерді) қоса алғанда өндірістік орта талаптарының сәйкестігі.		
4	үй-жайларда 16-22 градус цельсиясы шегінде температуралық режимді ұстау.		
5	Әуе кемесінің\ құрауыштың үстінде көзге көрінетін шаң пайда болған жағдайда жұмыс аймағының ластану деңгейінің алдын алу.		
6	АТ ТҚ және Ж бойынша тексерудің, қарап-тексерудің барлық түрлерін тиімді жүргізу үшін жарактандыру деңгейінің сәйкестігі.		
7	Шуыл деңгейін бақылау. Жұмыстарды орындауға артық шуылдың теріс әсерін болдырмайтын шуылдан қорғайтын қажетті дербес құралдармен персоналды қамтамасыз ету.		
8	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі құжаттамада көрсетілген жағдайларда өндірістік ортаның ерекше жағдайларын жасау.		
9	Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі.		
10	Құрауыштарды, жабдықтарды, құралдар мен материалдарды орналастыру үшін қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған қойма үй-жайларының болуы.		
11	Кондициялық және кондициялық емес құрауыштарды және материалдарды, барлық өзге де құрауыштарды, материалдарды, жабдықтар мен құралдарды бөлек сақтау.		
12	Авиация техникасын әзірлеушілердің нұсқаулықтарына сақтау талаптарының сәйкестігі.		
13	Қойма үй-жайларында қолжетімділікті шектеу.		
Персонал			
1	Жұмысқа тапсырыс берушілердің талаптарына сәйкес АТ ТҚ және Ж бойынша барлық жұмыстарды қаржыландыру және уақтылы орындау бөлігінде жауапкершілік жүктелетін жауапты басшының болуы.		
2	Сертификаттық талаптарға ұйымның тұрақты сәйкестігіне қатысты жауапты болатын басқарушы персонал, бұл ретте: 1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес аттестаттауға жататын азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналдарының лауазымдары мен мамандықтар тізбесіне сәйкес басқарушы персоналдың аттестатталуы; 2) олар ұзақ уақыт болмаған жағдайда нақты тұлғалардың әрбірін алмастыру рәсімдері.		

3	Кері байланыс жүйесін қоса алғанда сапа жүйесіне қатысты жауапты болатын адамның Жауапты басшысы болып тағайындалуы.		
4	Ұйымда оны бекіту саласына сәйкес өндірісті жоспарлау, орындау, басқару және жұмыс сапасын бақылау үшін өзінің жеткілікті жұмыскерлер штаты бар екендігін растайтын жүктеме жоспары. Жұмыскерлердің штаты нақты жұмыс ауысымы немесе жұмыс кезеңіне арналып жоспарланғаннан аз болған жағдайда орындауға қабылданған жұмыстарды жедел қайта жоспарлау рәсімі.		
5	Техникалық қызмет көрсетуді орындауға, сапаны басқару немесе бақылауға қатысатын персоналдың құзыреттілік деңгейін бақылау.		
6	Ұшу жарамдылығын ұстаумен байланысты арнайы жұмыс түрлерін орындайтын немесе бақылайтын персоналдың болуы, мысалы, әуе кемесі/ құрауыштарды әзірлеушілердің нормативтік талаптарына сәйкес келетін әуе және/немесе құрауыштарды, біліктіліктерді бұзбайтын бақылау.		
7	Сапа жүйесіне қатысты жауапты болатын тұлғаның АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атынан рұқсат етілетін персоналға рұқсат беру тәртібі.		
8	Барлық инженерлік техникалық персонал тізілімінің ұйымдастырылуын жүргізу, құрамында : 1) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөнінде мамандардың куәліктері туралы мәлімет; 2) дайындықтың барлық түрін өткен персоналдар туралы мәлімет; 3) берілген рұқсаттар саласы; 4) шектеулі немесе бір жолғы рұқсат қағаздары бар персонал бойынша деректер.		
Жабдық, құрал және материалдар			
1	Ұйымның бекітілген қызметінің саласына сәйкес АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жабдықтың, құрал және материалдардың болуы.		
2	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауда жабдықтың немесе құралдың өзге де түрлерін қолдану бойынша рәсімдер белгіленген жағдайлардан басқа, нақты жабдық пен құралды авиация техникасының әзірлеушісі ұйғарған Ұйымды пайдалану.		
3	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымға жабдықтар мен құралдарды тәжірибеде тұрақты пайдалану қажеттілігі жоқ кезде, олардың сирек қажет болуы жағдайын қоспағанда, жабдықтармен құралдарға қол жеткізу.		
4	ӨК тексеру мен қарап-тексеруді жүргізу үшін қажетті қол жеткізу құралдарымен және платформалармен кезеңдік техникалық қызмет көрсетуді орындауға бекітілген АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымды жаратқандыру, онда ӨК егжей-тегжейлі тексерілуі тиіс.		
5	Барлық жабдық пен құралды, бақылау құралдарын қоса алғанда жұмысқа қабілеттілігі мен нақтылығын қамтамасыз ететін кезеңділігімен есепке алу және метрологиялық бақылау. Метрологиялық бақылау бойынша және осы стандарт кезінде қолданылатын есептік құжаттаманы жүргізу.		
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша құжаттама			
1	Модификациялау мен жөндеуді қоса алғанда, АТ ТҚ және Ж бойынша қолданылатын құжаттама : 1) кез келген қолданылатын талаптар, технологиялар, пайдалану директивалары немесе әзірлеуші шығарған өзге де деректер; 2) әзірлеуші шығарған ұшу жарамдылығының кез келген қолданылатын		

	д и р е к т и в а л а р ы ; 3) авиация техникасы түрі және оларға толықтырулар сертификатын ұстаушылар шығарған, сондай-ақ осындай нұсқауларды шығарған басқа да ұйымдар қолданатын ұшу жарамдылығы бойынша нұсқаулар.		
2	Өндірістік персонал пайдаланатын АТ ТҚ және Ж бойынша құжаттамада құрамында нақты емес, толық емес немесе дұрыс емес рәсімдер немесе технологиялар, мәліметтер немесе нұсқаулар анықталған жағдайдағы рәсімдер осындай деректерді тіркеуді және АТ ТҚ және Ж бойынша құжаттама авторын хабарлауды қамтамасыз етеді.		
3	Жұмыс технологиялық карталарды әзірлеудің жалпы жүйесі. АТ ТҚ және Ж бойынша құжаттамадан ақпараттарды жұмыс технологиялық карталарға ауыстыру немесе жұмыс карталарында АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстарды орындау бойынша нақты нұсқауларға нақты сілтемелер.		
4	Электрондық форматта құжаттамалар мен жазбаларды сақтаған жағдайда негізгі деректер базасына кез келген өзгерістерді енгізу сәтінен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде жаңартылуы тиіс санкцияланбаған өзгерістер базасына және резервтік деректер базасының болуына қарсы деректер базасын қорғауды қамтамасыз етеді.		
5	Персоналдың АТ ТҚ және Ж бойынша құжаттаманы кедергісіз пайдалану мүмкіндігі.		
6	Оның уақтылы жаңартылуын кепілдік ететін АТ ТҚ және Ж бойынша құжаттаманың жай-күйін бақылау рәсімдері.		
7	Жөндеу, технологиялық және бақылау құжаттамасы.		
8	Мыналарды қамтамасыз ететін құрамы және саны бойынша бекітілген белгіленген тәртіпте ескерілген конструкторлық құжаттаманың жиынтығы: 1) барлық қажетті технологиялық құжаттаманы ұйымның әзірлеуін; 2) қажетті жөндеу құралдарын әзірлеу мен шығаруды; 3) құралдардың барлық бұзылуларын (ақаулықтарын) жөндеу процесінде анықтау және оларды бағалау және жою бойынша шешімдерді қабылдау; 4) модификацияларды және құралдарды қалпына келтіру жөндеулерін орындау ; 5) бөлшектерді жасау.		
9	Мыналарды қамтамасыз ету: 1) конструкторлық құжаттаманы басқару бойынша рәсімдердің әзірленуін; 2) жөнделетін авиатехниканың әрбір түрі бойынша жөндеу үшін құжаттар тізімдемесінің болуын; 3) қолданыстағы конструкторлық құжаттаманы есепке алуды және сақтауды ұйымдастыруын; 4) техникалық бақылау бөлімдерінің орындаушыларына және жұмыскерлеріне дейін келіп түсетін өзгерістерді дұрыс және уақтылы енгізу және олардың назарына жеткізуді; 5) жарамсыз конструкторлық құжаттаманы айналымнан шығаруды.		
10	Әзірлеуші (дайындаушы) әзірлеген бұйымдарды жөндеу (модификация) бойынша жөндеу құжаттамасы. Немесе Әзірлеушінің конструкторлық және технологиялық құжаттамасының, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік, салалық және стандарттар мен өнеркәсіптің технологиялық нұсқаулықтарының негізінде Ұйым әзірлеген технологиялық құжаттама. Әзірлеушімен (дайындаушымен) құжаттаманы келісу.		
11	Орындаушыларға дейін өзгерістерді пайдалану, енгізу, технологиялық құжаттаманы есепке алу және сақтау.		

12	Әзірлеушінің құжаттамасы бойынша немесе оларды келіскеннен кейін әуе кемелерінің (құрауыштарды) жекеленген даналарын модификациялау.		
13	Құрамында мыналар болатын бақылау құжаттамасының бұйымдарын жөндеудің (модификациялау) барлық кезеңдерінде ресімдеу: 1) бұйымның атауы және нөмірі; 2) конструкторлық құжаттаманың және технологиялық құжаттаманың талаптарынан модификациялауды және жол берілген ауытқушылықтарды қоса алғанда (техникалық карталардың, рұқсат карталардың және басқалардың парақтары), орындалған жұмыстардың көлемі мен мазмұны; 3) бөлшектер, тораптар мен бұйымдардың нақты сипаттамасы және параметрлері; 4) жұмысты орындау және бақылау күні; 5) орындаушылар мен бақылаушылардың тегі мен қолы (мөртабандар, жеке таңбалар).		
14	Өндірістік бақылау құжаттамасының құрамы мен нысаны (эталондық жөндеу ісі). Әзірлеу, бекіту және түзету. "Бұйымды жөндеу ісінде" өндірістік бақылау құжаттамасының ресімделген бұйымдарына жинақтау.		
15	Эталондық "Бұйымды жөндеу ісінде" бұйымның әрбір данасына ресімделген "Жөндеу ісінің" сәйкестігі.		
16	Пайдалану құжаттамасының номенклатурасы және жүргізу тәртібі.		
Өндірісті жоспарлау			
1	Барлық ресурстарды: АТ ТҚ және Ж бойынша персоналдың, жабдықтың, құралдың, материалдардың, құжаттамалардың және АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстарды қауіпсіз орындауға қажетті өндірістік үй-жайларды пайдалану үшін пайдаланылатын және орындалатын жұмыстардың көлемі мен күрделілігіне жауап беретін өндірісті жоспарлау жүйесі.		
2	АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстарды орындау және ауысым жұмысын ұйымдастыру кезінде адамның психофизиологиялық шектеулерін есепке алу.		
3	Ауысып келетін персоналдан жаңадан келетіндерге ақпаратты беру (ауысуымға немесе орындаушылар құрамының өзгеруіне байланысты АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстардың жалғастырылуын және аяқталуын беру).		
АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстар туралы мәліметтерді есепке алу			
1	Орындалған жұмыстар туралы барлық ақпаратты тіркеу. Қосалқы мердігерлер (басқа да ұйымдар) ресімдейтін жұмыстарды пайдалануға авиация техникасына рұқсат беру туралы құжаттарды қоса алғанда, техникалық қызмет көрсету туралы куәліктерді ресімдеуге қатысты барлық талаптарды растауға қажетті есептік мәліметтерді сақтау.		
2	АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстар туралы есептік мәліметтерді бүлінуден және жойылудан қорғау.		
3	Осы жабдықтың және мұрағаттық деректердің жақсы жай-күйін ұстауды қамтамасыз ететін жағдайларда және деректердің жұмыс көшірмелерін қамтитын жабдықтан бөлек деректерді мұрағаттау және резервтік сақтау үшін пайдаланылатын барлық компьютерлік жабдықтың орналасуы.		
Ұшу жарамдылығының бұзушылықтары туралы есептілік			
1	ӘК немесе құрауыштың үлгі конструкциясына немесе үлгі конструкциясының модификациясына жауапты ӘК тіркеу мемлекетіне және ұйымына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша нұсқама беру материалдары және қажет болғанда пайдаланушы мемлекетіне осы ұйымның анықтаған кез келген ӘК немесе құрауыштың ұшу		

	жарамдылығының бұзушылықтары туралы есебі, ол ұшу қауіпсіздігіне қомақты әсер етеді немесе осындай әсер етуі мүмкін.		
2	Есептілікке жататын оқиғаларды бағалау нәтижелері бойынша іріктеу рәсімдерін қоса алғанда осындай есептік деректерді жинауды және бағалауды қамтамасыз ететін ұшу жарамдылығының бұзушылықтары туралы есептілік жүйесі.		
3	Кемшіліктерді жою үшін түзету іс-қимылдарын қабылдайтын теріс үрдістерді рәсімдерін анықтау, сондай-ақ қажет болғанда осы ақпаратты тарату әдістері мен қарастырылатын оқиғалар туралы барлық бар ақпаратты талдау тәртібін енгізу.		
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқау			
1	Авиация техникасына техникалық қымат көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаудың және онда көрсетілген барлық өзге де нұсқаулардың, сондай-ақ осы сәйкестікті тұрақты ұстайтын міндемелердің ережелеріне сәйкес рәсімдерді жүзеге асыру кезінде сертификаттық талаптардың талаптарына Ұйым рәсімдерінің сәйкестігі туралы декларация жауапты басшымен қол қойылған.		
2	Сертификаттық талаптарға сәйкес қауіпсіздік сапа саласында Ұйымның саясаты.		
3	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атынан азаматтық авиация саласында олардың уәкілетті органға тікелей жүгінуге құқығы бар мәселелерді қоса алғанда, тағайындалған тұлғалардың бағыныштылығын көрсете отырып Ұйыммен басқару құрылымы, олардың аты-жөні, лауазымдары, құқықтары мен міндеттерінің тізбесі.		
4	Инженерлік-техникалық персоналдың тізілімі.		
5	Ұйымның еңбек ресурстары.		
6	Өтінімде көрсетілген Ұйымның әрбір мекенжайлары бойынша орналасқан өндірістік қуаттылықтардың жалпы сипаты.		
7	Сұрау салынатын бекіту саласына сәйкес Ұйымның қызметі саласын сипаттау.		
8	Рәсімдері бойынша нұсқауға өзгерістер енгізудің рәсімдері.		
9	Ұйымда белгіленген және Нұсқауда айтылған сапа рәсімдері мен жүйесі.		
10	Авиация техникасына техникалық қымат көрсету және оны жөндеу қызметтерін ұсынатын Ұйым үшін, егер ондайлар бар болса, АТ ТҚ және Ж бойынша әуе кемесінің және немесе Ұйымның пайдаланушысымен өзара іс-қимыл тәртібі.		
11	АТ ТҚ және Ж орындауға тартылатын қосалқы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі, егер ондайлар бар болса.		
12	ТҚ желілік сыртқы желілік станциялармен өзара іс-қимыл тәртібі, егер ондайлар бар болса.		
13	Ұйымның ағымдағы жай-күйін көрсететін авиация техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауға уақытылы өзгерістер енгізу.		
14	Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның Рәсімдері бойынша нұсқауды және оларға өзгерістерді бекітуі.		
Метрологиялық қамтамасыз ету			
1	Жөндеу өндірісінің барлық метрологиялық қамтамасыз ету бағыттары бойынша қызметтің тәртібін анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу.		

2	Метрологиялық зертхана мамандарын оқыту және аттестаттау.		
3	Өлшем құралдарын тексеру.		
4	Өлшем құралдарын паспорттау және метрологиялық аттестаттау.		
5	Өлшем құралдарының тізілімін жүргізу.		
6	Технологиялық және конструкторлық құжаттаманы метрологиялық сараптау.		
7	Авиация техника бұйымдарының белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті мониторингілеу мен өлшемдер.		
8	Халықаралық немесе ұлттық эталондарды салыстыруда өлшем бірліктерін беретін үлгілік эталондар бойынша белгіленген кезеңде немесе оны қолдану алдында жабдықты калибрлеу немесе тексеру.		
9	Жабдықты реттеу.		
10	Калибрлеу мәртебесін белгілеу мақсатында жабдықты сәйкестендіру.		
11	Өлшеу нәтижелерін жарамсыз қылатын реттеулерден жабдықты қорғау.		
12	Пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сақтау барысында жай-күйдің бүлінуінен және нашарлауынан сақтау.		
13	Егер жабдық талаптарға сәйкес келмегені анықталған жағдайда бұрынғы өлшем нәтижелерін бағалау және тіркеу.		
14	Бұзылған және тексерілмеген өлшеу құралдарын технологиялық процестерден уақытылы алып тастау.		
15	Техникалық өлшеу құралдарын тексеру кестелерінің жай-күйін және сақталуын бақылауға жауапты тұлғаларды тағайындау.		
Авиация техниканы жөндеудің технологиялық процестері			
1	Ұйым бөлімшелерде нормативтік, ұйымдастырушылық-тәртіптік, техникалық және өндірістік-бақылау құжаттамаларын басқару бойынша рәсімдерді жоспарлау және әзірлеу.		
2	Жоспарланған жұмыстарды орындау, оның ішінде жөнделетін бұйымдарды, жөндеу құралдарын, ангарларды, цехтарды, қоймаларды, қызметтік және тұрмыстық үй-жайларды орналастыру, сондай-ақ персоналды орналастыру үшін жеткілікті өндірістік алаңдардың болуы.		
3	Өндірістік алаңдардың өлшемдері, жобалаулары, жарықтандырылуы, температурасы, ылғалдылығы, тазалығы және басқа да параметрлері бойынша нормативтік құжаттаманың және технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі.		
4	Энергия және коммуникация көздерінің жұмыстарды орындау үшін қажетті өндірістік алаңдардың жарактандырылуы (электр энергиясымен, тығыз ауамен, жылумен, сумен, желдеткішпен және басқалар).		
5	Өндірістік алаңдарды қауіпсіз жұмыс аймақтарымен қамтамасыз ету (өрттен, жарылыстан, токсикалық әсерден және басқалардан бақылау және қорғау жүйелерінің болуы).		
6	Бұйымдарды жинау учаскелерін қиқымдардан, металл және абразивтік шаңдар мен басқа да кірлерді жасайтын кез келген механикалық өңдеу түрлері орындалатын жерлерден оқшауландыру. Бұйымдарды тазалау, жуу, бояу учаскелері де басқа жұмыс орындарынан оқшауландыру.		
7	Жөндеу жұмыстарын өндірістік үй-жайлардан тысқары жерлерде орындау технологиялық құжаттамада айтылған, бірақ бұл ретте жұмыстарды температура, ылғалдылық, шаңдану және атмосфералық жауын-шашын бойынша қолайлы ауа-райы жағдайында ғана орындауға жол беріледі.		

8	Материалдарды, бұйымдарды, құралдар мен жабдықтарды сақтау үшін қойма үй-жайлардың болуы. Сақтау шарттарының нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігі.		
9	Қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.		
10	Жоспарланған жұмыстарды орындау үшін жөндеу құралдарының болуы, олар технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді (біріздендірілген немесе тенестірілген).		
11	Қолданылатын жөндеу құралдарын сәйкестендіру (таңбалау, паспорттау) және аттестаттау.		
12	Жөндеу құралдарының кезеңдік тексерулерін, калибрлеуді, қызмет көрсетуді, жөндеу мен сақтауды қамтамасыз ету. Ұсынылатын талаптарына сәйкес келмейтін жөндеу құралдарын оқшаулау.		
12. Бұзбайтын бақылау			
1	Бұзбайтын бақылау бөлімшелерінің қызметін бақылау рәсімдерін әзірлеу.		
2	Бұзбайтын бақылаудың барлық қолданылатын әдістері үшін нормативтік құжаттарды әзірлеу.		
3	Құйын тәрізді ток, ультрадыбыстық, магниттік, капиллярлық бақылау үшін салалық бақылау мен жұмыс үлгілерінің қолдануын реттейтін рәсімдерді әзірлеу.		
4	Бұзбайтын бақылаудың технологиялық процестеріне технологиялық нұсқаулықтарды жасау.		
5	Өндірістік-бақылау құжаттамасында бақылау нәтижелерін тіркеу бойынша, жөнделетін авиация техникасының бөлшектері мен түйіндерін бұзбайтын бақылауды жүргізу шешімін қабылдау мен нәтижелерін дайындау бойынша рәсімдерді жасау.		
6	Өлшеулердің дәлдігінің кепілдігі үшін бұзбайтын бақылау кезінде қолданылатын жабдықтың кезеңді метрологиялық тексеруі мен калибрлеуі.		
7	Бұзбайтын бақылауды орындаудағы жұмыс орындарын бұзбайтын бақылау бойынша технологиялық құжаттамамен қамтамасыз ету және жабдықты күйге келтіру эталондарымен жабдықтау.		
8	Бұзбайтын бақылауды жүргізу үшін жеке ғимараттар, зертханалар немесе арнайы жабдықталған жұмыс орындарының болуы, сонымен бірге бақылаудың құйын тәрізді ток, ультрадыбыстық, магнит-ұнтақты, капиллярлық әдістерінде қолданылатын салалық стандарт үлгілерінің жеткілікті санының болуы.		
13. Жөндеу процесінде әуе кемесі мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету			
1	Пайдалану құжаттамасына өзгерістер енгізу бойынша жөндеу кезіндегі әуе кемелері мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу рәсімдерін жасау.		
2	Инженерлік-техникалық персонал үшін жіберу рұқсаттарын дайындау бойынша рәсімдерді жасау.		
3	Әуе кемесінде техникалық қызмет көрсетудің түрлерін жүргізуді ұйымдастыру бойынша рәсімдерді жасау.		
4	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің ерекше түрлері мен сақтау кезіндегі шұғыл, маусымдық, техникалық қызмет көрсетудің жалпы түрлерін жүргізуді ұйымдастыру бойынша рәсімдерді жасау.		

5	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу үшін техникалық пайдалану бойынша нұсқаулық талаптарына сәйкес құралдардың болуы, орындау сапасын бақылауды қамтамасыз ету мен жауапты лауазымды тұлғалардың техникалық қызмет көрсетудің қорытындысын рәсімдеуі.		
6	Әуе кемелеріне тиісті Сертификаттың болуымен кезеңді техникалық қызмет көрсетуді орындау.		
14. Ақпараттандыру жүйесі мен бұйымдардан бас тартулар бойынша шаралар қолдану			
1	Ұшу жарамдылығына қатысты барлық табылған қауіпті бас тартулар (ақаулықтар) туралы ақпаратты жинау, есепке алу және уәкілетті органына хабарлау тәртібін жасау.		
2	Пайдаланудағы бас тартуларды (ақаулықтарды) шұғыл түрде жою бойынша шараларды қолдану тәртібін анықтау.		
3	Авиациялық оқиғалар мен инциденттерге қызметтік тергеу жүргізу бойынша талаптарды анықтайтын нормативтік-техникалық құжаттардың болуын қамтамасыз ету.		
4	Жөндеу кезінде және бұйымдарды жөндеуден кейін пайдалану кезінде анықталған бас тартулар (ақаулықтар) бойынша ақпаратты жинау, есепке алу мен талдау жүйесі және тікелей орындаушылар мен қызметтерге ақпаратты жеткізу.		
5	Жауапты бөлімшелер мен лауазымды тұлғаларды белгілеумен қатар бұйымдар ақаулықтарының себептерін анықтау мен қызметтік тергеу жүргізу жүйесі.		
6	Бұйымдарға зерттеу жүргізу кезінде Дайындаушымен, Жасаушымен және ғылыми-зерттеу институттарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.		
7	Жөнделіп жатқан авиатехникадан бас тартуларды болдырмау бойынша алдын алу шараларын қолдану және жөнделіп жатқан бұйымдардан бас тартудың алдын алу тәртібін реттейтін рәсімдерді дайындау және түзету мен алдын алу әрекеттерін іске асыру.		
15. Құрауыштың техникалық қызмет көрсетуі туралы куәлік			
1	Авиациялық техникаға қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым Сертификаттық талаптардың қосымшасына сәйкес Құрауыштың техникалық қызмет көрсетуі туралы куәлігі қолданады ма		
16. Ұшу қауіпсіздігін басқару			
1	АТТҚ және Ж жөніндегі ұйым "Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 173 бұйрығымен бекітілген, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарға сәйкес әзірленген ҰҚБЖ енгізеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6855 болып тіркелген). ҰҚБЖ мыналарды қамтиды: қауіпсіздік саясатын және қауіпсіздік мақсаттарын; т ә у е к е л д е р д і б а с қ а р у ; қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік деңгейін арттыру.		
17. Сапаны басқару			
1	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері жөніндегі нұсқауда сипаттамасы қамтылған сапаны бақылау жүйесін енгізеді.		

2	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым өзінің құрылымында сапаны бақылау және/немесе сапаны кепілдік ету қызметін көздейді.		
3	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым штатта сапаны бақылауға жауапты тұлғаларды көздейді. Осы тұлғалар мыналарға ие: 1) жоғары немесе орта авиациялық-техникалық біліміне; 2) азаматтық авиацияның сертификатталған авиация оқу орталықтарынан немесе азаматтық авиацияның шетелдік сертификатталған авиация оқу орталықтарынан өткен сапа кепілдерінің аудиторларының курстарын сәтті аяқтау туралы сертификаттың, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мойындаған шетелдік сертификатының болуы; 3) сапа жүйесін басқару саласында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл		
4	Сапа жүйесіне жауапты адамдар азаматтық авиацияның сертификатталған авиация оқу орталықтарында немесе азаматтық авиацияның шетелдік сертификатталған авиация оқу орталықтарында екі жылда бір рет кәсіби деңгейін қолдау бойынша курстарынан өтеді, сертификаттарды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мойындаған болуы тиіс. Сапа кепілі ішкі аудиторының біліктілігін қолдау сапаның кемінде төрт аудиттерін жыл сайын дербес жүргізу арқылы жүзеге асырылады.		
5	Сапа жүйесіне жауапты тұлға АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынады.		
6	Сапаны бақылау және/кепілдік ету қызметі сапа кепілдерінің тәуелсіз аудитін жүргізеді. Ұйым сапаның кепіл мәселелері бойынша АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысына хабарлаудың жүйесін көздейді.		
7	Сапа аудиторларының жыл сайынғы бағдарламасы АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаудың барлық бөлімдері мен тарауларын тексеру аудиттерін қамтуы тиіс. Сондай-ақ аудиттер бағдарламасында осы сертификаттық талаптарға сәйкестігі бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мойындаған АТ ТҚ және Ж жөніндегі келісімшарттық ұйымдардың аудитін көздеуі тиіс.		
8	Ішкі және сыртқы аудит процесінде анықталған сәйкессіздіктері бойынша талдаудың тиісті орындалуын қамтамасыз ету мақсатында АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапасына кепілдік беретін қызмет құжаттарды, аудиттер нәтижелерін, түзету іс-қимылдарын жүргізу және анықталған сәйкессіздіктердің туындауының негізгі себептерін, сондай-ақ сәйкессіздіктердің қайталануын болдырмаудың алдын алуды талдау жүйесін қамтамасыз етеді.		
9	АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапа кепілінің бөлімшесінде аудит нәтижелері бойынша есептің үлгілік нысаны, сапа кепілі аудиторларының жылдық жоспары болуы тиіс, ол АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауда сипатталуы тиіс. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауда АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның персоналымен кері байланыс жүйесінің сипаттамасы және жауапты адамдар қабылдайтын және түзету іс-қимылдарын қамтамасыз ететін сипаттамасы болуы тиіс.		

Ескертпе:

"Сәйкессіздік деңгейі" болғанында келесі бағалар қойылады:

(*) осы пайдаланушы үшін міндетті емес;

(-1) техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беруге кедергі келтіретін сәйкессіздіктер;

(-2) келісілген мерзімдерді жою немесе шектеулерді енгізу кезінде техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беруге кедергі келтірмейтін сәйкессіздіктер техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын кедергі келтіретін сәйкессіздіктер;

(-3) өндірісті және сапа жүйесін жетілдіру кезінде жоюға жататын және техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беруге кедергі келтірмейтін сәйкессіздіктер.

Сәйкессіздік тізбесі азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттық зерттеп-қарау бағдарламасының қосымшасына сәйкес парақта _____ (парақтарда) рәсімделеді.

Мемлекеттік авиациялық
инспектор : _____

(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Танысты: _____

(ұйым өкілі қолы)

Сертификаттық зерттеп-қарауды жүргізу күні: 20__ жылғы " __ " _____

—

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет
көрсету және оны жөндеу
жөніндегі ұйымды
ертификаттық зерттеп-қарау
бағдарламасына
Қосымша

Сәйкессіздіктер тізбесі

Р / с №	Сәйкессіздік мазмұны	Ескертпе

Мемлекеттік
авиациялық инспектор : _____

(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Таныстым: _____

(ұйым өкілі)

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Сертификаттық зерттеп-қарау актісі

_____ қаласы _____ 20____
жылғы " ____ "

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)

20____ жылғы " ____ " _____ № __ бұйрығына сәйкес

_____ (ұйымның атауы)

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚ және Ж)
жөніндегі ұйымды сертификаттық зерттеп-қарау жүргізді.

Нақты күйі: _____

_____ Тұжырым: _____

_____ Ұсыныс: _____

_____ Қорытынды мәтіні: _____

_____ Мемлекеттік
авиациялық инспектор: _____

_____ Актімен таныстым:
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы) (болған жағдайда)

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
8-қосымша

Түзету іс-қимылдарының жоспары

Тармақ	Нормативтік құқықтық актілерге талаптар	Сәйкессіздік	Ж о ю мерзімі	Түзету іс-қимылы	Құжаттар	Жабу күні
Ескертпе: тексерілетін авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның пікірлері мен жауаптары үшін сұр бояуы бар колонка жасалды.						
Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы үшін баған :						
Сәйкессіздіктерді жабу бойынша шешім қабылдау						
<div style="background-color: #cccccc; height: 20px; width: 100%;"></div>						
Пікірлер						
<div style="background-color: #cccccc; height: 20px; width: 100%;"></div>						
Қолы:						
<div style="background-color: #cccccc; height: 20px; width: 100%;"></div>						
Күні:						
<div style="background-color: #cccccc; height: 20px; width: 100%;"></div>						
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда Т.А.Ә.):						
<div style="background-color: #cccccc; height: 20px; width: 100%;"></div>						

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
9-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы, мекенжайы, телефоны, e-mail, Интернет мекенжайы Наименование

уполномоченного органа в сфере гражданской авиации Республики Казахстан, адрес, телефон, e-mail, Интернет адрес Name of Civil Aviation Authority Republic of Kazakhstan Address, telephone, e-mail, the Internet address Сертификаттың жарамдылығын тану туралы рұқсаты Решение о признании действительным Сертификата Decision to Recognize a valid Certificate

_____ Берілді

Выдано

Issued _____

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасының сертификаттық талаптарының парапарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті _____

берілгенді жарамды деп таниды.

Согласно действующему законодательству Республики Казахстан и на основании адекватности сертификационных требований Республики Казахстан Комитет гражданской авиации Республики Казахстан Признает действительным выданный _____

According to the current legislation of the Republic of Kazakhstan and on The adequacy of the Republic of Kazakhstan Recognizes the valid issued

_____ Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу бойынша шетелдік

ұйымдардың сертификаты.

Сертификат иностранных организаций по техническому обслуживанию и ремонту авиационной техники.

Certificate of foreign organization for maintenance and repair of aviation equipment.

Берілген мерзімі: 20__ ж. _____

на период: до _____ 20__ г.

for a period of _____ 20__

Рұқсаттың жарамдылығы 20__ ж. _____

Решение действителен до _____ 20__ г.

The conclusion is valid up to _____ 20__

М.О. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы немесе ол уәкілеттік берген тұлғасы

М.П. Должностное лицо уполномоченного органа либо лица, им уполномоченного

Stamp Official person of the authorized organization or authorized person by him

Берілген күні _____

Дата выдачи _____

Date of _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК